Докторант Абдраманова Нурсулу Шермаханбетовнаның «6D010300 - Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (кейстік талдау)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесші п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Н.С. Алгожаеваның

ПІКІРІ

Диссертация тақырыбының өзектілігі, оның заманауи ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығы. Қазіргі жаһандану дәуірінде жоғары білім беру жүйесі сапалы мамандар даярлауға бағытталған маңызды әлеуметтік институт ретінде ерекше рөл атқарады. Әлемдік деңгейде білім сапасы мен тиімділігі білім беру ұйымдарының негізгі көрсеткіші болып отыр. Осы орайда, жоғары оқу орындарында сапаны ішкі бағалау – білім беру жүйесін жетілдірудің, институционалдық даму мен бәсекеге қабілеттілікті арттырудың маңызды тетігіне айналуда.

Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінде сапаны қамтамасыз ету саясаты соңғы жылдары біртіндеп сыртқы бағалаудан ішкі өзін-өзі бағалауға қарай бағытталып келе жатыр. Бұл үрдіс халықаралық стандарттармен сәйкестікті қамтамасыз етуді, сонымен қатар оқу орны ішінде өзіндік сапа мәдениетін қалыптастыруды талап етеді. Осы тұрғыда жоғары оқу орындарының сапаны ішкі бағалау механизмдерін ғылыми тұрғыдан зерделеу – уақыт талабы. Бұл өз кезегінде ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі мен заманауи ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын айқындайды.

Ғылыми нәтижелердің сенімділігі, негізділігі және жаңалығы. Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелердің сенімділігі қолданылған әдістемелердің кешенділігімен, зерттеу барысында жинақталған деректердің жеткіліктілігімен және оларды өңдеудің ғылыми тұрғыдан негізделген тәсілдерімен қамтамасыз етілген. Атап айтқанда, зерттеу барысында: салыстырмалы талдау, сауалнама, сұхбат, бақылау, кейстік талдау сияқты сапалық және сандық әдістер кешенді түрде қолданылған. Зерттеуге әртүрлі жоғары оқу орындарынан таңдап алынған репрезентативті қатысушылар тобы (оқытушылар, студенттер, әкімшілік қызметкерлер) тартылған. Эмпирикалық деректер психологиялық-педагогикалық талдау әдістері арқылы өңделіп, нәтижелер нақты мысалдармен және диаграммалармен расталған. Осы аталғандар зерттеу қорытындыларының сенімділігін қамтамасыз етеді.

Ғылыми нәтижелер қазіргі білім беру теориясы мен практикасына сүйене отырып, жүйелі талдау негізінде алынған. Зерттеу барысында:

- Білім беру сапасын бағалаудың теориялық негіздері терең талданып, олардың психологиялық және педагогикалық аспектілері сарапталған;

- Ішкі бағалаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, оның мазмұндық және процедуралық сипаттамалары теориялық негізделген;
- Ішкі бағалау үрдісіне қатысушы субъектілердің (оқытушы, студент, әкімшілік) өзара әрекеттестігінің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан дәлелденген;
- Практикалық ұсыныстар нақты жоғары оқу орындарының жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып жасалған.

Бұл зерттеудің ғылыми негізділігін арттырып, алынған тұжырымдар мен ұсыныстардың жоғары оқу орындары үшін қолданбалы мәні бар екенін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми және практикалық маңыздылығы.

1. Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалау мазмұны психологиялық-педагогикалық тұрғыдан негізделіп, шетелдік және отандық тәжірибе талданды, зерттеудің негізгі категориялары: «ішкі бағалау», «сапаны ішкі бағалау», «білім беру сапасын ішкі бағалау» мәні ашылған;
2. ЖОО-дағы білім сапасын ішкі бағалауға ПОҚ-тың даярлығының мазмұны, атап айтқанда, ақпараттық-зерттеушілік, мотивациялық-аналитикалық, әдістемелік, басқарушылық-рефлексивті компонентері, критерий, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталған;
3. Білім беру сапасын бағалау контекстінде кейс талдау, тәжірбие жасауға құрал ретінде қолданылып, нақты тәжірибелердің, инновациялардың және процестердің тиімділігін бағалауға табысты үлгілері анықталған;
4. Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалауды психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету бойынша құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылған;
5. Білім беру сапасын ішкі бағалауды басқару шеңберінде оқытушылармен студенттердің білімі мен дағдыларын дағдыларын арттыруға ықпал ететін мазмұн жобаланған;
6. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы және кейстік талдау негізінде білім беру сапасын ішкі бағалауға тәжірибе жүргізіліп,әдістемелік ұсыныстар жасалған.

Диссертациялық зерттеудің **практикалық маңыздылығы** жоғары оқу орындарының білім беру сапасын бағалауға қатысты ұсыныстар даярлау; Ішкі бағалау нәтижелерін кейстік талдау арқылы берілген өлшемдерге сәйкестігін анықтайтын бағалау процедуралары нақтылау; білім сапасын ішкі бағалаудың кейсттік талдау параметрерін анықтау арқылы ұсыныстар жасау; зерттеу жұмысының нәтижелерін білім беру сапасын анықтауға байланысты тәжірибеде қолдануда көрінеді.

Диссертацияның аккадемиялық стандарттарға сәйкестігі. Диссертациялық жұмыс қолданыстағы академиялық стандарттарға сәйкес докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толықтай жауап береді. Зерттеу жұмысы құрылымының қисындылығымен, теориялық талдаудың тереңдігімен, ғылыми дәлелдемелердің жоғары деңгейімен, дереккөздер мен ғылыми аппаратты дұрыс пайдаланумен ерекшеленеді. Мәселенің қойылуынан бастап қорытындылардың жасалуына дейін ізденушінің жоғары

кәсіби даярлығын және ғылыми зерттеуді дербес жүргізуге қабілеттілігін көрсетеді. Жұмыста ұсынылған нәтижелер ғылыми жаңалығымен, практикалық маңыздылығымен және академиялық әрі қолданбалы салаларда одан әрі дамуға үлкен әлеуетімен ерекшеленеді.

Диссертацияның негізгі ережелерінің, нәтижелерінің, қорытындыларының, жарияланымдарының жеткілікті толықтығын растау. Зерттеудің негізгі ережелері мен нәтижелері алдын-ала халықаралық ғылыми конференцияларда баяндалды және Әл-Фараби ҚазҰУ педагогика және білім менеджменті кафедрасының отырыстарында бекітілді.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны 12 еңбекте жарияланды. Соның ішінде 4 ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 2 Scopus базасында енген шетелдік басылымдарда, 5 халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, 1 оқу құралы жарияланды.

Ізденушінің ғылыми жұмысының тағы бір артықшылығы мен ғылыми үлесінің бірі – зерттеу тақырыбы аясында жүргізілген тәжірибелік жұмысының ауқымдылығы. Білім беру сапасын ішкі бағалауға арналған тәжірибелік эксперимент Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Халықаралық Қ.А. Яссауи атындағы Қазақ-түрік университеті және Эрзинджан Бинали Йылдырым университеті «Білім беру» факультетінде жүргізілген. Тәжірибеге қатыстырылған білім алушы студенттер, оқытушы профессорлар, ЖОО-ың жетекшілері, жұмыс берушілер саны 260 адамды құрайды.

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды. «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (кейстік талдау)» тақырыбында жазылған Абдраманова Нурсулу Шермаханбетовнаның диссертациясы жеке жазылған ғылыми еңбек болып табылады, ол педагогика және психология ғылыми қорына және жоғары білім беру сапасын арттыру ісіне елеулі үлес қосады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, «Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (кейстік талдау)» тақырыбында жазылған диссертацияның авторы Абдраманова Нурсулу Шермаханбетовна 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Отандық ғылыми кеңесшісі:
педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор Н.С. Алгожаева

ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
«02» 02 2026 ж./г.